

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯ МАЙТАЛМАНЫ – ПРОФЕССОР МАДИЯР ЕЛЕУОВ (75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ)

Д.С. Байгунаков, Г.Е. Сабденова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы
e-mail: dosbol_bs@mail.ru

Атақты археолог әрі белгілі ұстаз – тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов биыл 75 жасқа толып отыр. Саналы ғұмырын археология ғылымына арнаған ғалымның өмір жолы жастарға өнеге, өскелең ұрпаққа ұлағат десе де болады. Сол себепті де оның өмір белестерін, ғылымға қосқан үлесін бағамдап кеткеннің артықтығы бола қоймас.

Мадияр Елеуовтің бүгінгі күнгі 75 жылдық ғұмырнамасын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Оның бірінші кезеңі ғалымның балалық шағын, жастық кезеңін, әскердегі жылдарын құрайды. Бұл кезеңде ол тұлға болып қалыптасты, толысты. Бірінші кезең шамамен 25 жылдай уақытты құрайды. Ал екінші кезеңнен (кейінгі 50 жылдай уақыты) Мадияр Елеуұлының барлық уақытын Қазақстан археологиясына, соның ішінде ортағасырлық археологияға арнағандығын байқаймыз. Осыған орай ол «ортағасырлық археология майталманы» деп аталуға әбден лайық. Мұны бір шетінен ғалымның ғылымға сіңірген еңбегі де толымды түрде растайды. Екінші кезеңі де студенттік жылдар, тағылымдама, докторантура кезеңі, т.б. бірнеше «өсу», «өрлеу» белестерінен тұрады.

Мадияр Елеуов 1946 жылы 3 мамырда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келген. 1961 жылы осы ауылдағы жеті жылдық мектепті бітірген. 1965 жылы Шиелідегі №147 орта мектепті тәмәмдаған. 1965-1966 жылдары Еңбекші ауылында ұжымшарда еңбек етті. 1966-1969 жылдары КСРО Әскерітеңіз флотында әскери борышын өтеді.

1970-1975 жылдары С.М. Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетінің студенті болды. Студент кезінен бастап-ақ ол археологиялық экспедиция жұмыстарына үзбей қатысып келеді. Әсіресе 1971 жылы ашылған «Археология және этнография» кафедрасында маманданып, өз білімін шыңдай түсті. Оқып жүріп теориялық ілімін, далалық экспедиция жұмыстарына қатысып практикалық білімін үнемі шыңдаумен айналысты. Университетті

тәмәмдағаннан соң 1975-1976 жылдары Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Кейіннен кафедра ұстаздарынан шақырту алып, университетке жұмысқа орналасады. Ол ұзақ жылдар бойы кафедрада ұстаздық етті. Дәлірек айтқанда, 1976-1996 жылдары «Археология және этнология» кафедрасында лаборант, аға инженер, ассистент, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарған болатын. Университеттің археологиялық отрядтарын, экспедицияларын ұйымдастырып, басқарып отырды. 1991 жылы «Шу өңірінің ортағасырлық қалалық мәдениеті (VI-XIII ғ. басы)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. Диссертация мәтіні мен мазмұны мамандар тарапынан зор қолдауға ие болды. Бұдан соң Мадияр Елеуұлы 1993-1995 жылдары тарих факультеті деканының орынбасары қызметін де атқарды. Одан кейін 1996-1999 жылдары өз кафедрасында докторантурада оқыды. Докторантураның алғашқы жылында қосымша түрде Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы «Археология және этнология институты» директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары болып қызмет атқарды. Жергілікті университетте археология ғылымының дамуына атсалысып, өзіндік үлесін қоса білді.

Докторантураны тәмәмдағаннан соң Мадияр Елеуов докторлық диссертациясын (1999 ж.) сәтті қорғап шықты. Бұл кездегі қорғауға ұсынған тақырыбы «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендері (VI-XIII ғ. басы)» болған еді. Бұл ізденісінде автор «қазақстандық қосөзен» аңғарындағы қалалық мәдениетті, оның бастаулары мен эволюциясын, заттай мәдениеттің ерекшеліктерін, өзіндік сипаты мен қалтарысты тұстарын өрбітіп берген еді.

Диссертациялық ізденісін қорғауын аяқтағаннан соң Мадияр Елеуов Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ге қызметке ауысады. Мұнда ол 1999-2001 жылдары «Археология және

жалпы тарих» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етті, «Археология және этнология» кафедрасының іргетасын қалауға атсалысты. Осы университетте археология ғылымының қалыптасып дамуына өз үлесін қосты, мамандықтардың ашылуына атсалысты, археологиялық экспедициялар ұйымдастырды, білікті мамандардың шоғырлануына мұрындық болды.

Арада бірнеше жыл өткеннен кейін Мадияр Елеуов оңтүстік өңірлерге қарай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру мақсатында қоныс аударады. Мұнда Түркістан қаласына тұрақтап, орын тебеді. Ол 2001-2002 жылдары Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ «Археология, этнология және музей ісі» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады, ал 2002-2008 жылдары университет жанындағы «Археология» ғылыми-зерттеу орталығының директоры болған еді. Осы жылдары профессор М. Елеуов бірнеше археологиялық экспедициялар ұйымдастырып, бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

Мадияр Елеуов 2007 жылдан бері «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС-нің директоры қызметінде. Бұл мекеме негізінде де ғалым бірнеше археологиялық экспедициялар жұмысын ұйымдастыра білді.

Профессор М. Елеуов өз өмірін далалық археологиялық экспедициямен байланыстырған ғалым. Ол Қаратау сілемдері мен Сырдария алабынан бұрын белгісіз болып келген 2 мыңнан астам археологиялық ескерткіштерді тапқан. Тапқан ескерткіштері тас дәуірінен бастап жаңа заманға дейінгі үлкен хронологиялық шеңберді қамтиды. Ескерткіштер арасында жартас суреттері, тұрақтар, қорымдар, қалалар мен елді-мекендер, т.б. бар. Профессор М. Елеуов 150-ден астам ортағасырлық қалаларды, елді-мекендерді, қоныстарды анықтап ғылыми айналымға енгізген. Профессор М. Елеуов Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, т.б. облыстар аумағында орналасқан көптеген ортағасырлық қалалардың тарихи-топографиялық құрылымдарын, бекініс жүйелерін, даму кезеңдерін, т.б. қайта зерделеп, нақтылап шыққан. Мұны облыстық (Жамбыл, Қызылорда) тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы, аудандық (Түлкібас, Қарақұр, т.б.) археологиялық ескерткіштер Жинағы сынды басылымдардан көруге болады.

Ғалым өзінің ғылыми ізденістерінде ортағасырлық археологияға қатысты көптеген іргелі сауалдарды қаузап келеді. Оның қаламынан орта ғасырларда өркендеп тұрған

қалалық мәдениеттің қыр-сыры, қала бөліктері (цитадель, шахристан, рабад), шаруашылық нысандар (шеберхана, т.б.), бекініс дуалдары, мұнаралар, қақпалар, қарауылтөбелер, т.с.с. тарихи-археологиялық нысандар қағыс қалған емес. Сонымен қатар ол қалалар дамуында ерекше рөл атқарған Ұлы Жібек жолының тармақтарын нақтылауға күш салған. Қалалық өркениетте ерекше орын алатын заттай мәдениеттің өзіндік сипатын бағамдаған. Ыдыс-аяқ, т.б. заттардың деректік негіздеріне үңіліп, қазақша терминологиясын қалыптастырған. Қала мәдениетімен астасып жатқан аңыз-әңгімелерді, әфсаналарды, т.б. материалдарды да жинастырумен шұғылданған. Ортағасырлық саяхатшылардың еңбектерінде кездесетін қала жұрты мәліметтерін саралаған.

Профессор М. Елеуов Жамбыл облысы Шу ауданы Ақсу ауылы маңындағы ортағасырлық Ақтөбе қаласының зерттелуіне мол үлесін қосқан ғалымдардың бірі. Тіпті оның алғашқы тырнақалды телавторлық ғылыми еңбегі (1978) осы қала цитаделіне арналған болатын. Одан кейінгі уақыттарда зерттеуші бұл қала жайлы бірнеше ғылыми мақалалар жариялады, оның зерттелуіне тікелей басшылық жасап, шәкірттеріне (Е. Ақымбек) қала материалдары туралы ізденістер жүргізуді тапсырды. Өзі қала туралы бірнеше ғылыми және тәжірибелік сауалдарды көтеріп, оның жұртшылыққа кеңінен танылуына атсалысты, қараусыз жатқан қала жұрты туралы дабыл қақты. Бұл қалаға арнап Мадияр Елеуұлы бірнеше монографиялар да жариялады. Мысалы, 2015 жылы шыққан «Ортағасырлық Ақтөбе қаласының бұзылу тарихы» деген монографиясында қаланың соңғы жылдарға дейін табиғи жағдайлар, шаруашылық жұмыстар және өзге де сыртқы-ішкі факторлар әсері барысында бұзылуы қозғалған. Ал 2021 жылы жарық көрген «Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі» атты монографиясында Ақтөбеге қатысты аңыз-әфсаналар, қаланың тарихи-топографиялық құрылымының зерттелу тарихы, орталық бөліктің қорғаныс жүйесі, шаруашылық аймағының қорғаныс жүйесі, қала аймағындағы қорғаныс жүйесі сөз болған.

Сайып келгенде, Мадияр Елеуұлы көпқырлы әрі кәсіби археолог болып табылады. Ол егер өзі ұшырастырған ескерткіш басқа кезеңмен мерзімделінетін болса, онда оны сол сала мамандарына айтып, көрсетіп отырады. Нәтижесінде зерттеуші қазақ археологиясының дамуына осындай өзіндік үлесін ылғи да қосып келеді.

Ғылымның дамуына жанашырлық танытып келе жатқан профессор М. Елеуов бірнеше ғылыми журналдардың редакциялық алқасына мүше болып, сол басылымдардың дамуына өзіндік үлесін қоса білді. Мұндай журналдар арасында «Қ.А. Ясауи хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы» (2002-2008), «Қазақтану» халықаралық ғылыми журналы (2016 жылдан бері), «Отырар мұралары» (2013 жылдан бері) журналы секілді басылымдар бар. Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау Басқармаларымен байланыстар орнатып, жергілікті ескерткіштердің жай-күйіне, зерттелуіне, т.б. сауалдарына қатысты бірнеше жұмыс топтарына, комиссияларына, ғылыми-әдістемелік кеңестеріне де мүше болған. Тіпті

әлі күнге дейін олармен байланыс орнатып, кез келген мекемеге көмек қолын созуға дайын.

Мадияр Елеуовтің жетекшілігімен археологтар Ә.М. Манапова кандидаттық (2010), ал Е.Ш. Ақымбек философия докторы (PhD) (2015) диссертацияларын сәтті қорғап шыққан. Бүгінгі күні тағы бірнеше шәкірттері өз диссертацияларын қорғауға дайындалып жүр.

2010 жылы профессор М. Елеуов «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын иемденген.

Биылғы жылы мамыр айында 75 жасқа толып отырған белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Мадияр Елеуовке Тарих факультеті, Археология, этнология және музеология кафедрасының ұжымдары зор денсаулық, мол бақыт, толағай табыс тілейді! Мерейлі жасыңыз құтты болсын!